

**Аудандық мәслихатының 2010 жылғы 5 ақпандағы (IV шақырылымның кезекті ХХІ сессиясы) "Әлеуметтік төлемдерге құқығы бар ауданның жеке санаттағы азаматтар тізімін бекіту туралы" N 186-4/21 шешіміне өзгерісте мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2010 жылғы 17 маусымдағы N 208-4/24 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 19 шілдеде N 12-6-91 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2012 жылғы 29 ақпандағы N 15-5/2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2012.02.29 N 15-5/2 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодексінің 56 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Железинка аудандық мәслихатының 2010 жылғы 5 ақпандағы "Әлеуметтік төлемдерге құқығы бар ауданның жеке санаттағы азаматтар тізімін бекіту туралы" N 186-4/21 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-6-85 тіркелген, 2010 жылы 6 наурызда аудандық "Родные просторы" газетінің 10 нөмірінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2) тармақшадағы "1950 - 1951 жылдары КСРО үкіметтік органдарының шешімі бойынша шайқастарға қатысқандар (Венгрия)", "бұрынғы Кеңес үкіметі органдарының шешіміне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағында шайқастарға қатысқан Кеңес Армиясы әскерлеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) тармақшада "аз қамтылған азаматтар" "тұрғындардың мақсатты топтарына жататын тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын; келесі мағынадағы 30), 31), 32) тармақшалар толықтырылсын:

"30) Қазақстан Республикасы көлімінде темір жол және автомобиль көліктерімен (таксиден басқа) психикасы бұзылған ерітіп жүруді қажетсінетін 1, 2 топтағы мүгедектерді дәрігерлік зерттеуге және емдеуге ерітіп апаратын тұлғалар";

"31) ТМД елдерінде жерленген жерлерге дейін жол ақысын төлеуге Ұлы Отан соғысында қаза болғандардың аудан аумағында тұрып жатқан тікелей туыстары (ұлы, қызы, немересі, қарындасы)";

"32) мемлекеттік арнайы әлеуметтік көмек алатын отбасылары".

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

	<i>А у д а н</i>	<i>м ә с л и х а т ы н ы ң</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>А. Кирилов</i>	
<i>Аудан мәслихатының төрағасы</i>	<i>В. Крутиков</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК